

ТІЛ ТҰНЫҒЫ, ДІЛ ТҰҒЫРЫ, СЫР БОЙЫНДА СҰҢҒАҚ ПА?



Қызылорда қазақ тілінің алтын ордасы, алынбас қамалы, туын тіккен тұғыры деп жатамыз. Қазақ тілінің шұрайлы шырайланған, мәйегіндей тақталған, ұрасындай сақталған Сыр өңірі сары алтындай сақтап келеді. Даму да, дәріптелу де осында.

Ана тілін ардақтау әрбіріміздің парызымыз деген өзге ұлт өкілдері де ешқашан ши шығарған емес. Президентіміз Қ. Тоқаев құрылтайда сөйлеген сөзінде «Ешкімді мәжбүрлемей,

күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек деген болатын. Бұған Сыр өңірі үлгі де бола алады.

Тіл тұнығы, діл тұғыры биіктей түскен Сыр бойындағы мәртебесі сұңғақ екенін "Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы" КММ-і ұсынып отырған мәліметпен де, қоғам көшбасшыларының пікірлерінен де байқайсың. Кез келген мекеме, қоғамдық орындарда қазақ тілінің қолданысынан аңдайсың.

Өңірімізде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жұмыстары Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарына шолу жасасақ.

Тұжырымдамадағы жоспарларды орындау мемлекеттік тілді қоғамның барлық саласында қолдану аясын кеңейтуге және оның мәртебесін арттыруға тікелей ықпал ететін болады және бұл бағытта жергілікті атқарушы органдар қоғамдық және салалық ұйымдармен бірлесіп, бірқатар жұмыстар жүргізілуі қажет.

Мәселен, қазіргі таңда елімізде

мемлекеттік тілді дамыту бағытында көптеген шаралар іске асырылуда. Атап айтқанда «Емле.kz», «Құжат.kz», «Сөздіккор.kz», «Терминком.kz», «Атау.kz», «Тілмедиа», «Бала тілі», «Тілқұрал» сайттары жұмыс жасауда. Мысалы, «Емле.kz» сайтының орфография блогында сөздердің дұрыс жазылу ережелері берілген, яғни бірнеше томдық кітапты ақтармай-ақ 2-3 секундта сөздің дұрыс жазылуын көруге болады. «Құжат.kz» сайтында әртүрлі саладағы құжаттардың толтыру үлгісі беріледі, «Терминком.kz» сайтынан бекітілген терминдерді көруге болады.

Сонымен қатар Kaspi.kz, Ktrisha.kz, Kolesa.kz, InDrive сияқты мобильді қосымшалардың интерфейсіне мемлекеттік тіл енгізілді. Қазақстандағы ең танымал іздеу жүйелерінің бірі 2GIS (Ту ГИС) карталар мен ұйымдар туралы деректерді мемлекеттік тілде ұсынууда.

Бұл бағыттағы жұмыстар біздің өңірімізде де өз жалғасын табууда деп мәлімдеді тіл орталығы. Тіл саясаты саласындағы өзекті мәселелер бойынша облыстық қоғамдық даму басқармасы тарапынан былтырғы жылы 3 әлеуметтік жоба жүзеге асырылды. Олар республикалық байқаулардың облыстық кезеңдерін өткізуге бағытталған «Аймақтағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» жобасы, сондай-ақ, қазіргі таңда қоғамда жиі көтеріліп жүрген ас мәзірлерін мемлекеттік тілде ұсыну мәселелеріне орай «Қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірінің лингвистикалық базасын қалыптастыру» жобасы және кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарында тіл туралы заңнамалардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған «Korneki» жобасын айтуға болады.

(жалғасы 2-бетте)

Дін мәселелерін зерттеу орталығы жоспарға сәйкес дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, жат ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру мақсатында Қазалы аудандық жастар ресурсттық орталығында орталық маманы Сәкен Алдашбаевпен «Ұлт және ислам» тақырыбында кездесу өткізді. Бір қызығы шара басталмай жатып екі сұрақ қойылды. Біріншісі «Қазір қыздар хиджап киуге құштар. Неге солар қазақша көйлек киініп жүрмейді» деген сұрақ болса, екіншісі «жат ағым өкілдерінің белгілері қандай?» деген сұрақ болды.



Мейман әуелі «Жат діни идеологиялардың барлығы да алғашқы кезде адамға жылы күліп, гуманистік, ізгілік, адамгершілік ойларды көп айтып, сырт көзге жақсы көрінуге тырысады», - деп бастады да мемлекеттің зайырлы ұстанымы, діндер достастығы, ұлттық құндылықтар, құқықтық мемлекеттің беталысы бағытында түсіндірме жасады.

Жат ағым өкілдерінің жылы сөздері, құрметті байланысы, қолдауы мен демеуі, өздерін білімді, өзгелерді білімсіз санауы әрекеттерін саяси ойын деген Сәкен Мінуарұлы «Бұндай құйтырқылық бар болғаны азаматтардың басын айналдырып, өз қатарларына тарту үшін пайдаланатын амал» деп баға берді. Айласын асырып, көздеген адамның өз қатарына қосқан соң, оған «өзіміздің ғой» деп арқасынан қаға отырып басқа идеология нәріні санасына құя бастайды. Сөйтіп құрбанын ағайын-туысынан, ата-анасынан, жора-жолдастарынан айырып, керек болса өмірлік жарынан ажыратып, өздерімен пікірлес топқа, жамағатқа қосады. Келешекте өздеріне басымен тәуелді ету мақсатында оны өз араларынан бірімен үйлендіреді. Міне, мұнан соң жат ағымның жетегінде кеткен азамат, тек сол ағымның идеологиясы үшін өмір сүріп, солар үшiн күреседі. Оған жан-жағындағы өмір, қоғам қызық емес. Оны мемлекеттің мүддесі, ұлтаралық қатынас, конфессияаралық бірлік, жер байлығы, патриотизм, Отан алдындағы борыш, ата-ана алдындағы міндет, дәстүр деген сияқты көптеген маңызды дүниелер

құндылығын жоғалтады. Мұнан соң ол сол жат діни ұйым немесе ағым үшін жұмыс жасайды.

Сөйтіп, тыныш әрі бейбіт өмір сүріп жатқан елдің ішіне іріткі салуға кіріседі. Діни ұйымға немесе бірлестікке, жамағатқа мүше болып кірген азаматтар үшін қоғам бұдан былай «біз» және «басқалар» болып шыға келеді. «Біз» дегені өзімен пікірлес ұйым мүшелері, ал «басқалар» дегені сіз бен біз, яғни

қазіргі заманда киудің қажеті жоқ, кимейсіздер де. Болмаса қазақтың жалпы тұрмыста, ел ішінде киген киімі кең, ұзынша шапан, көйлектер болғанын ескі суреттер мен салынған суреттерден көріп жүрсіздер. Қазақша киіну керек десеңіз солай киініңіздер. Бірақ ол жалған, өтірік ұраншылдық. Сондықтан бұрынғы қазақша киім қиын болса жаңа заманға лайықтап киініңіздер. Заман талабы бойынша жөнді киініп, зайырлы ұстанымда

МӘСЕЛЕ КИІМДЕ ЕМЕС - НИЕТТЕ

олардың идеологиясын қолдамайтын қазақ елінің азаматтары. Сондықтан олар мемлекет идеологиясына, бірлік саясатына қарсы. Кешеге дейін қазақ елінің жерінде өсіп-өніп, білім алып, кәсіп қылып, асын ішіп, нанын жеп келген азамат бүгінде жат елдің, теріс ағымның күйін күйттеп шыға келеді» деген мейман жат ағымдардың белгілері қандай деген сауалға саусақ бүгіп, олар:

-Өздерін ғана ақиқат жолдамыз дейді;

-Зайырлы мемлекеттің заңдарын, билік органдарын, басқару құрылымын мойындамайды;

-Адамдарды ақиқат жолдағылар және адасқандар деп бөліп, дінаралық дұрдаларды тудырады;

-Мәзһабтарды жоққа шығарады;

-Белгілі бір мемлекетке немесе халыққа тән салт-дәстүрлерді мойындамайды;

-Зайырлы мәдени іс-шараларға бармайды, мерекелерді тойламайды;

-Өйелдерге қолдан-қолға өтетін бұйым ретінде қарайды, олардың құқығын таптайды;

-Азаматтық міндеттерден, мысалы, әскерге барудан, вакцинациядан, т.б. бас тартады;

-Қоғамға тән емес кейіпте болады (киімі, сақал-мұрты, т.б.);

-Имамдарға бағынбайды, олардың білімі жоқ деп санайды, -деді.

Осындай негізгі белгілерін білген кез келген адам жат ағымның жетегіне еріп, олардың қолшоқпарына айналмайды деп үміттенеміз, -деген маман егер кімде кім жат ағымның жетегіне ілінді, сол адам ата-анадан айырылар жолға келді деген сөз деді. Сондықтан қазіргі уақыт сендер үшін дін ілімін емес, өмір ілімін ізденетін уақыт деп түсіндірді.

Екінші сауал арабша емес, қазақша киінген дұрыс дегендерге осы екі киімнің мәнін сұрады. Арабша киіну хиджап, қазақша киіну қазақша көйлек деген тоқтамға келді шараға қатысушылар. Ендеше былай қарайық деген қонақ хиджап арабың киімі емес, діни киім. Қазақ болмысында киім, діни киім. Кимешектің түп тамыры діндегі жабын, бүркен дегенді білдіреді. Кимешек пен сәлде егіз. Бірі әйелдерге, бірі ерлерге арналған. Мұны қазіргі заманда ешкім кимейді. Ал, сіздердің айтып отырған қазақша көйлектеріңіз тұрмыста киетін киім емес. Ол кейінгі уақытта сахнаға, бұрын ұзатылғанда киген киім. Сондықтан ұлттық киімді де, хиджап, михап аталған киімді де

болыңыздар. Дін, ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасиетің деген секілді қасиетті асыл дінді ұстанамын деп қасіретке ұрынып та, дінсіз кетеміз деп дінге күйе де жақпаңыздар.

Адамның киімі, наным-сенім мен ұстанымы да уақыт талабына сай өзгеріп отырады. Мысалы мата жоқ кезде ешкім кимешек киген жоқ. Жүннен, теріден жасалған киім киді. Кейін мата пайда болған кезде бабаларымыз «Жоқ, ата бабам теріден, оның арғылары жапырақтан киім киді деп жаңа үлгідегі киімдерді кимей қойған жоқ қой. Сол секілді қазірде заман талабына сай киінеміз. Қайталап айтамын, жалған әрі ақылға сыймайтын ұстанымнан арылып, әлем көшіне ілесуіміз керек. Ұлттық болмысты ұстап тұратын атрибуттарымыз бен болмысымыздан шатаспайық деді мейман.



Шара соңында түрлі сұрақтар қойылып, пікірлер ортаға салынды. Заңды неге өзгертсек, қаталдыққа неге көшпейді дегендей сауалдар да болды. Бірақ, біз барлығын зайырлы, құқықты түрде шешуіміз керек деген мақсатты алға қойған шараға қатысушылар білімсіздіктен туындап отырған діни түсініспеушілікті біліммен ғана жеңуіміз керек ортақ пікірге тоғысты. Себебі, жат ағым да өз бауырымыз.

Қанжар МЫРҚЫ

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАЙ ЖАСТАҒЫ БАЛА ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Өздеріңіз білесіздер ел Президенті Қ. Тоқаев Қазақстан халқына жасаған жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын ұсынған болатын. Әр отбасы елдің ұлттық байлығынан өз үлесін алуы керек екенін мәлімдеген Ел басшысы: "Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ін балалардың арнайы жинақтаушы шотына 18 жасқа толғанға дейін аударуды ұсынамын. Бұл ретте оны мерзімнен бұрын шешіп алуға болмайды. Бұл қаражат өскелең ұрпаққа ересек өмірге нағыз жолдама береді", - деген болатын. Бүгінде өз жүгін аркалап, жолына түскен бағдарламаның жүйесіне сұрақтар көп. Соның бірқатарын Бірінші жинақтаушы зейнетақы қорының Қызылорда облысы филиалына сұрақ етіп қойған болатынбыз.

18 жасқа 2024 жылы толатын кәмелетке толмағандар "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасына қатыса ма және олар қанша сома алады?

Қазақстан Республикасының азаматтары болып есептелетін барлық балалар бағдарламаға енгізілген (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) және оның қатысушылары болып есептеледі. 18 жасқа 2024 жылы толатын балалар өздерінің 2023 жылға (бала әлі 18 жасқа толмаған жылы) есептелген нысаналы талаптарын өздерінің БЖЗҚ-да ашылған нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтар түрінде алады.

2023 жылға арналған бір балаға арналған нысаналы талаптардың сомасы Қазақстан азаматтары болып есептелетін балалардың саны бойынша деректерге (2023 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша) және Ұлттық қордан есептелген балаларға арналған нысаналы талаптардың жалпы сомасы бойынша Ұлттық Банктен алынған ақпаратқа негізделі отырып, есептелетін болады.

Нысаналы талаптар қандай валютада аударылады?
- 18 жасқа толатын балалардың

нысаналы жинақтары Ұлттық қордан БЖЗҚ-ға АҚШ долларымен аударылады және БЖЗҚ-да АҚШ долларымен сақталады. Бағдарламаға қатысушы бала кәмелетке толған соң өз ақшасын пайдалану туралы шешім қабылдаса, ол уәкілетті операторға өтініш береді. Ал БЖЗҚ оның жинақтарын уәкілетті операторда ашылған баланың банктік шотына АҚШ долларымен аударылады. Бұдан әрі, уәкілетті оператор жинақтарды тұрғын үй немесе білім алуға аударған кезде ақша АҚШ долларынан тенгеге айырбасталады. Айырбастау соғ сәтте өзекті болатын валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады.

- Бала ақшаны бірден 18 жасында емес, кейінірек ~ 20 немесе 25 жасында пайдалана алады ма?



Бала 18 жасқа толғанда оның атына БЖЗҚ-да нысаналы жинақтау шоты автоматты түрде ашылады және оған Ұлттық қордан өзіне тиесілі қаражат аударылады. Ақша АҚШ долларымен аударылады және нысаналы шотта 10 жыл сақталады. Егер осы мерзім ішінде ол бұл қаражатты пайдаланбаса, қаражат автоматты түрде БЖЗҚ-дағы оның атына автоматты түрде ашылатын жеке ерікті зейнетақы шотына аударылады. Ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын осы зейнетақы шотынан жинақтарды алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

(жалғасы 2-бетте)

Қазірде білім аламын деген жастарға мүмкіндік көп. Білімнің мен еңбегің екі жақтап тұрса елдегіні аласың әйтеуір. Ол ол ма бір мезетте екі оқу орнын оқып, екі диплом алып, екі жеп биге шығудың да сәті түсіп тұр. Ол үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне келуіңіз керек.

Яғни, 2025 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері қос диплом бағдарламасы бойынша Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінде (СеулТех) оқи алады. Мұндай мүмкіндік университеттер арасындағы қазақстандық студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын келісімнің арқасында пайда болды деп хабарлайды оқу орны.

БІР МЕЗГІЛДЕ ҚОС УНИВЕР, ҚОС ДИПЛОМ



Өткенде Корея Республикасы Президенті Юн Сок Ыльдің ҚР мемлекеттік сапары аясында Астана қаласында Инвестициялар және бизнес, ғылым және білім беру саласында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Осы іс-шаралар шеңберінде Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасында «AI architect», «Data management» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат деңгейінде кадрлар даярлау туралы екіжақты келісімге қол қойылды.

Студенттерді қос диплом бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау 2025-2026 оқу жылынан басталады. Бағдарламаны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебіне түскен студенттер пайдалана алады екен. Келісім аясында студенттер Қазақстанда алғашқы төрт семестр оқиды, келесі төрт семестрді Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінде жалғастырады.

Президентіміз Қ. Тоқаев құрылтайдағы жиында: «Бала есейген соң қанағтанып, ұядан ұшуға тиіс. Басқа аймақтарда, тіпті, шетелде білім алуға қажет. Өзге жұрттың қалай өмір сүріп жатқанын көргені абзал. Сондай-ақ қай жерде өзіне және еліне пайдасы тиссе, сол жерге барып еңбек етуі керек» деген болатын. Бұл сол тапсырманың алғашқы жемістері емес пе?

Бағдарламаға қатысушылар екі университеттің академиялық талаптарын, соның ішінде міндетті және тандамалы курстарды орындауы керек. Қатысушыларды іріктеу академиялық және тілдік құзыреттер, мәдениетаралық коммуникация дағдылары негізінде жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы академиялық байланыстарды тереңдетуге, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуға және олардың халықаралық еңбек нарығында бәсекке қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған деп отыр. Студенттердің бірінші тобы осы бағдарлама аясында 2025 жылдың қыркүйегінде оқуға кіріседі.

Жоғары оқу орындары ректорларының кездесуінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры Бейбітқұл Керімова: «Біз СеулТехпен ынтымақтастықтың жаңа кезеңін бастауға қуаныштымыз, ол студенттеріміздің алдында халықаралық білім алу және мәдени алмасу үшін бірегей мүмкіндіктер ашады», - деп атап өтті.

Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің президенті Дон Хван Ким өз тарапынан: «Шартқа қол қою біздің академиялық байланыстарымызды нығайтады және екі елдің студенттері үшін жаңа көкжиектер ашады. Біз бұл бағдарламаны іске асыруды асыға күтеміз», - деді.

Осылайша Қазақстанда алғаш рет жасанды интеллект сауатшылары мен деректерді басқару жөніндегі мамандар даярланады. Бұл биылғы тулектер үшін үлкен мүмкіндік. Олай болса ғылымдағы жетістіктерден шет қалмай, сіз де ұмтылыңыз.

Б.ОРАЗАЛИЕВА

ТІЛ ТҰНЫҒЫ, ДІЛ ТҰҒЫРЫ, СЫР БОЙЫНДА СҰНҒАҚ ПА?

(басы 1-бетте)

Жобалар аясында өткізілген облыстық байқаулардың жеңімпаздары республикалық байқауларға қатысып жүлделі орындарды иеленіп келеді. Атап айтқанда, дәстүрлі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық байқауда Тіл орталығының мемлекеттік тіл оқытушылары екі жыл қатарынан бас жүлдені жеңіп алса, былтырғы жылы «Ең сауатты жарнама – тіл абыройы» республикалық байқауында жерлесіміз С. Байжанова (Қызылорда) жүлделі III орынды иеленді.

Тіл орталығының үздік деп танылған 2022 жылғы «Тыңда! Түсін!» Тіл үйрен!» атты әдістемелік құралы және 2023 жылғы «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы» республика тарапынан жоғары бағаланып, барлық өңірлерге таратылды.

Республика бойынша алғашқы болып Сыр өңірінен бастау алған «Қоғамдық тамақтандыру орындарындағы ас мәзірлерінің мемлекеттік тілдегі лингвистикалық базасын қалыптастыру» әлеуметтік жобасы аясында жергілікті филолог ғалымдардың терең жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесімен баспадан шығарылған «Мемлекеттік тілдегі ас мәзірі мен тағам атаулары: қазіргі жағдайы, проблемалары» атты монография-анықтамалық пен «Тағам атаулары» сөздігіжарыққа шықты.

Бұл әдістемелік құралдар қоғамдық тамақтану орындарында ас мәзірлерін мемлекеттік тілде сауатты жазылуын қамтамасыз ету үшін Кәсіпкерлік палатасына, қала, аудан әкімдіктеріне таратылса, «аспазшы» мамандығын даярлайтын арнаулы орта оқу орындары мен кітапханаларға оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдалану үшін берілді.

Бүгінде бұл әдістемелік құралдар кәсіпкерлер үшін ас мәзірін қазақ тілінде ұсынуда таптырмас құрал ретінде республика тарапынан оң бағаланып, өңірлерге таратылды.

Сондай-ақ ас мәзірі бойынша іске асырылған жоба аясында 20 қоғамдық тамақтану орнының ас мәзірі мемлекеттік тілге аударылды. «Көптегі» әлеуметтік жобасы аясында 1223 кәсіпкерлік нысанға тіл туралы заңнамалардың сақталуына зерделеу жұмыстары жүргізіліп, кемшілік анықталған 138 нысан иесіне ұсыным хат жолданды. Бүгінде оның 128-інде кемшіліктер жойылған.

Аталмыш жоба аясында кәсіпкерлерге әдістемелік көмектер көрсетіліп, 124 көрнекі ақпарат мәтіні орыс тілінен қазақ тіліне аударылып берілді.

2022 жылдың 21 қаңтарынан «Тіл туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, барлық көрнекі ақпараттар мемлекеттік тілде жазылуға міндетті, қажет болған жағдайда басқа тілдерде жазуға шектеу жоқ. Бірақ ол кезде әріп өлшемдері бірдей болуы шарт. Бұл талаптар кәсіпкерлік нысан иелеріне Кәсіпкерлік палатасы алаңында тұрақты түрде түсіндіріліп отырады.

Биылғы жылы «Аймақтағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» және «Көптегі» әлеуметтік жобалары өз жалғасын табады.

Мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуын қамтамасыз етуде басқармалар, департаменттер мен жергілікті әкімдіктердің шығыс құжаттарындағы мемлекеттік тілдің үлесіне тоқсан сайын талдау жүргізіліп келеді.

Басқарма шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесіне талдау жүргізіп отырады. 2023

орындарының жастары арасында қазақтың ұлттық киімін кию күні болып белгіленді.

Ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу мақсатында ардагерлер мен жастар арасында «BIR TOLQYNDA» диалог алаңы, ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Этно QUIZ» ұлттық-танымдық интеллектуалды сайысы

жүргізіліп келеді.

«Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жоспарға сәйкес «Тілдегі өзгерістер: тіл үйретудегі отандық әдістеме» атты республикалық ғылыми конференциясын өткізу, Мемшік нысанына қарамастан салаға қарасты барлық мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда (банк, қаржы, құрылыс, өндіріс, коммуналдық шаруашылық, т.б.) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң (әрі қарай – Заң) талаптарына сәйкес ісқағаздары мен құжаттама жүргізуде және жиындарды өткізуде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету, Мекемелерде, оларға қарасты ұйымдарда, жоғары, арнаулы орта және жалпы орта оқу орындарында жеке куәліктегі -ов, -ова, -вич, -вна жұрнақтарын ұлттық дәстүрге сай өзгерту жұмыстарын насихаттау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, т.б. жұмыстар жоспарланған.

Келесі жылы «Қызылорда облысы ойқонимдерінің этномәдени негізі мен этнолингвистикалық табиғаты» әлеуметтік жобасын іске асыру жоспарлануда.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 15 наурызда Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда:«Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным.

Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліс айналады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық.

Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында.

Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек» - деген болатын.

Осы орайда мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдыру бағытындағы жобалар жалғасын таба бермек деп мәлімдеді тіл орталығы. Бұл бір ғана Сыр өңіріндегі мемлекеттік мекеменің атқарып жатқан жұмысы. Сонымен қатар Үкіметтік емес ұйымдары, қоғам белсенділері және Асамблея өкілдері де өз жастарын қосуда.

Қазақ тілінің тұғыры биік болу әрбір азаматтың мойынындағы борыш. Бұны қызылордалықтар тереннен түсінеді, ұғады, қолданады. Ана тілдің арың бұл демекші ар мен абыройымыз осы қазақ тіліне байланған. Сондықтан Сыр өңірі асыл қазынамызды сары алтындай сақтай бермекпіз.

И.МҰХАМЕДИЯҚЫЗЫ

жылдың

қорытындысымен жергілікті атқарушы органдар бойынша шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі 99,8% құрады және бұл республика бойынша 2-орынды көрсетті.

Биылғы жылдан бастап салалық басқармаларға қарасты ұйымдарға осындай талдаулар жүргізілуде. Жүргізілген талдаулардың нәтижесімен төмен көрсеткіш көрсеткен мекемелерге зерделеу жұмыстары жүргізіліп, мекеме басшыларына ұсыным хаттар жолданып отырады.

Жастарымыздың арасында мемлекеттік тілге деген құрметті қалыптастыру, сойлеу мәдениетін жетілдіру, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау жұмыстарын аса маңызды.

Наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жыл - «Руханият жылы» деп жарияланғаны белгілі.

Осыған байланысты «Тіл – руханият өзеі» атты жастар арасында мемлекеттік тілді дәріптеудің іс-шаралар жоспары бекітіліп, 3-30 сәуір аралығында «тіл айлығы» жарияланды.

Жоспарға сәйкес шаралар облыстағы көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету бағытында ұйымдастырылатын «Тіл тазалығы» атты акциясынан бастау алды.

«Тіл-ұлттың жаны» атты студенттер арасындаәлеуметтік желілілер арқылы бейнеролик байқауы, «Тіл және жастар» тақырыбында дебәт ойыны (Жастар ресурстық орталығы), «KAZAKH TIL QUIZ» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды. 15 сәуір – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күніне орай жоғары және арнаулы орта оқу

ұйымдастырылып, «Оян, қазақ!» кинофильмін жастар арасында талқылау өткізілді. Жарияланған айлық 30 сәуір күні филолог ғалымдардың, тіл жанапшыларының және жастар ұйымдарының қатысуымен «Ұлттық рухтың негізі – ана тілі» аттыдөңгелек үстелмен қорытындыланды.

Облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес осындай шаралар аудандарда да жалғасын тапты. Тіл айлығы аясында өткізілген барлық шаралар бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстарда кенінен ақпараттандырылды.

Басқармаға қарасты Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы Қызылорда қаласы мен аудандардағы мемлекеттік мекеме, кәсіпорын, ұйым қызметкерлеріне, сондай-ақ жеке тұлғаларға мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдері бойынша тегін оқыту курстарын ұйымдастырылады.

2023 жылы Тіл орталығы арқылы барлығы 2028 адам мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін оқыту курстарынан (оның ішінде 1050 адам мемлекеттік тілді, 425 адам орыс тілін, 553 адам ағылшын тілі) өтсе, 2024 жылдың 5 айында 1 097 адам, оның ішінде 621 адам мемлекеттік тілді, 252-і орыс тілін, 224-і ағылшын тілін оқыту курстарынан өтіп, сертификат алды.

Тіл орталығының әлеуметтік желідегі парақшаларында (фейсбук, инстаграмм, тік-ток) сөздердің дұрыс жазылуын насихаттау бойынша «Сөзтүзер», «Ұлылар ұлағаты», «Трендтегі сленгтер», «Ас мәзіріңіз қазақша ма?», сонымен қатар «Кино Time», «Practical English» ақпараттық айдарлары тұрақты

(басы 1-бетте)

- Нысаналы жинақтарды 18 жасқа толғанға дейін пайдалануға бола ма?

Жоқ, мұндай мүмкіндік қолданыстағы заңнамада қарастырылмаған. Балаға есептелген нысаналы ақша Ұлттық қордың валюталық активтерінің құрамында болады және бала 18 жасқа толғанға дейін Ұлттық банк инвестициялауды жалғастыра береді. Бұл баланы қосымша инвестициялық кіріспен қамтамасыз етеді.

- Егер бала азаматтығын ауыстырып, басқа елге кетсе, нысаналы жинақтары не болады? Егер бала басқа елде туылып, бірақ Қазақстан азаматтығын алса, ол Ұлттық қордан қаражат алуға құқылы ма?

- Қазақстан азаматтығынан шыққан балалар Ұлттық қордан қаражатты пайдалану құқығынан айырылады.

Егер 2006 жылы және одан кейін туылған бала 18 жасқа толғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын алса, онда ол автотімді түрде бағдарламаның қатысушысы болады және Ұлттық қордан қаражат алуға құқылы. Бұл ретте оған Ұлттық қордан нысаналы талаптарды есептеу оның туған күнінен емес, Қазақстан азаматтығын алған күнінен бастап жүзеге асырылатын болады.

- Бала қайтыс болған

жағдайда оның жинақтары не болады?

- Бала қайтыс болған жағдайда оған бұрын есептелген барлық нысаналы талаптар (нысаналы жинақтар) ҚР Азаматтық Кодексіне сәйкес мұраға қалдырылады. Бұл ретте, баланың жинақтарын алушы мұрагерлер ақшаны кез

қандай сомалар есептеледі және соңында олар қандай соманы алады? Мысалы, 2024 жылы туған балаға 18 жылдан кейін қандай сома төленеді?

- Жыл сайын "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы бойынша балаларға Ұлттық қор активтерінің валюталық бөлігінің инвестициялық

болады.

БЖЗҚ инвестициялық кірістің жалпы сомасын (балалардың шоттарына есептеу үшін ҚР ҰБ есептеген) және Қазақстан азаматтары болып есептелетін барлық балалардың санын (ҚР Әділет министрлігінің деректерімен салыстыру негізінде айқындалған) негізге ала отырып,

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАЙ ЖАСТАҒЫ БАЛА ҚАТЫСА АЛАДЫ?

келген мақсатқа пайдалана алады. Яғни оларды нысаналы пайдалану жөніндегі міндетті талап жойылады.

- Егер қандай да бір жылдағы инвестициялық кіріс теріс сипат алса не болады?

Ұлттық қордың қаражаты ұзақ мерзімді негізде инвестицияланады және инвестициялау нәтижелері қаржы нарығындағы түрлі нарықтық факторлар әсер ететін жағдайға тәуелді болады. Сондықтан Ұлттық қор активтерінің валюталық бөлігінің жекелеген кезеңдердегі табысының ықтимал төмендеуін бейтараптандыру үшін ол есепті жылдың алдындағы он сегіз жыл бойынша ортасаланады.

- Балаларға жыл сайын

табысының 50% мөлшері есептеледі. Есептеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҚР ҰБ) жүзеге асырады. Бұл ретте Ұлттық қор активтерінің валюталық бөлігінің табысы есепті жылдың алдындағы он сегіз жыл бойынша ортасаланады. Сонымен қатар, өткен жылдардағы балаларға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында АҚШ долларымен инвестициялануды жалғастырады. Нәтижесінде оларға қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

Осылайша, балаларға жыл сайынғы тиесілі сома Ұлттық қордың инвестициялық қызметінің нәтижелері бойынша айқындалатын

Бағдарламаға қатысушы әрбір балаға есепті жылдағы нысаналы талап сомасын есептейді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, болашақта 18 жасқа толған әр балаға төленетін нысаналы жинақтар сомасы қандай болатынын алдын-ала нақты есептеу мүмкін емес. Ол Ұлттық қордың жинақталған активтерінің көлемімен, оның тарихи инвестициялық кірістілігі бойынша нәтижелерімен және Бағдарламаға қатысушы балалардың санымен айқындалатын болады.

Дайындаған
Ирина АҚМЫРЗАЕВА



Ж.Арынғазиев

Елімнің бір жайсаңы Жылқыбайым
Айтқанда тебіреніп теңіз мұңын
Ұшқан құс, жүгірген аң
Құлақ тосып-
Қосыла күңіреніп
Жоктайды екен Көк айдынын...

(Ел аузынан)

Шақыру хат келді. Арал ауданының «Құрметті азаматы», балық шаруашылығының ардагері Жылқыбай Арынғазиев 85 жасқа толыпты. Е-е, ініміз өкшелеп жетіп қалыпты—ау, деп біраз ой-ланып, отырып қалыппын...

Теледидар тыңдаймыз. Баспасөз беттерін парақтаймыз. Міне, бір бума газет-журнал алдыма келіптіүсті. «Егемен Қазақстанның» 2016 жылғы 16 тамыздағы кезекті санын ашып қалайын. «Балық шаруашылығына бөлек құрылым қажет» деген мақала жарқ етті.Қызылорда облысының Аралы-нан жазылған. Авторы-Жылқыбай Арынғазиев.

-Ай-й, ерім-ай! Сексен дегенсенгірешкісқа да, қартайдым, болдым демей, әлі күнге сол мәселенің ізінде жүр екен-ау, деп жүдө разы болып қалдым.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылда-ры балық шаруашылығы Ауыл шаруашылығы министрінің құрамына еніп, кейін Қоршаған ортаны қорғау министрілігіне қарап, одан тағы да Ауылшаруашылығы министрлігіне ауысып, бүгінде Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитетіне бағыныпты болып, шөре-шөре күй кешіп отырғанын ашына жазып, ең құрығанда өз алдына жекекомитет болса, көне, деп армандайды ғой баяғы.Дұрыс-ақ...

АНАНЫҢ ЫСТЫҚ ҚҰШАҒЫ-АЙ!

Ол 1939 жылы теңіз жағалауындағы «Тастүбек» қыстағында дүниеге келді. Бірінші сыныпқа Жеңіс жылы барды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысынан жарымжан болып оралған ағаларын шапқылап жүріп, алақайлап қарсы алып еді-ау!.. Сондағы ел қуанышы естен кетер ме?! Бірінің аяғын, бірінің қолын оқ жұлған. Сөйтсе де, олар балық аулау кәсібiне қайта кірісті. Теңізге ұмтылды. Дә-у толқындармен алысты. Қайықтары ұшан теңізге қалт-құлт етіп,көзге әрең шалынып-ды. Арынғазы әкесі мен Ажар анасы да солардың арасында-тұғын. Балықшылар жағаға шыққанда бұлар лап қойып, ата-аналарының мой-нына асылатын-ды. Сондағы ананының ыстық әлді-ай!

Жылқыбай бала теңіздің дәу-дәу толқындары мен ананының аялы алақанында тербеліп, ескерімді болып өсті. Ой-хой, ойнақ салған шырын-бал жастық шақ-ай! Зымырап өте шықты. Мектепті тәмамдап, ілгері оқу жайына келгенде, Жылқыбайыңыз Каспий теңізінің самалына да желпінейін деп Атыраудағы балық шаруашылығы техникумына түсуге жолға шықты.

ОРАЛУ

Атырауда төрт жыл оқыды. Ойы да, бойы да өсті.Балық техникумын бітіріп келген 1960 жылдың күзінде-ақ, 21-ге толғанда «Арал балық комбинатының» балық аулау бөліміне инженер болып орналасып, екі жылдай уақыт өткесін сүйген қызды Даражаға үйленеді.Талабы танылып, 24-інде Жамбыл атындағы іргелі балық колхозының басқарма төрағасының орынбасарлығына сайланады. Одан әрі комбинатқа бас маман, ал 1972 жылы Қызылорда қаласының іргесіндегі балық өсіретін тоған шаруашылығыныңдиректорлығына тағайындалады. Осы аралықта Тараздағы гидромелиоративтік-құрылыс институтына түсіп, өндірістен кол үзбей-ақ 1979 жылы инженер-гидротехник мамандығын алады. Жаксы ісімен танылған Жылқыбайыңыз өзі алғашқы еңбек жолын бастаған «Аралбалықкомбинатының» бас инженерлігіне дейін көтеріледі. Сөйтіп, ол өмірінің 46 жылын, тек бір салаға, балық шаруашылығына арнайды. Енді осы ардагермен тілдесек болып, жан-жаққа телефондайын.

-О-о, ол қарияңыз «Атамекен» балық зауытындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы ғой. Сол жақтан табасыз-десті. Айтқандай-ақ, өндіріс басында кездестік.

Жұқалтан. Жаяу жарысқа түссе, өз құрбыларынан озып келері анық.Өткен-кеткеннен сыр тарттық.

ҰШАҚПЕН БАЛЫҚ ТАСЫҒАН

-XXғасырдың 60 жылдарының аяғы-ау, деймін. Арынғазиев бір айдынан шалғайдағы екінші бір айдынга ұшақпен балық тасып жүр, о несі-әй!—деген жұрт танданысын есіткенмін,-дедім.

Ой-й, пәлі-ай!-деді ол күліп, -бұл 1967 жылғы оқиға ғой. Ту-у, мұнан пәленбай жыл бұрынғы мәселені қозғадың-ау! Жамбыл колхозындағы басқарма төрағасының орынбасарлығынан комбинаттың бас маманы қызметіне шақырылдым.Ақтөбе облысының Ырғыз-ауданының аумағындағы өзендер мен көлдерде балық қоры баршылық-ты. Бірақ бізге тым шпалғай. Екі жүз шақырыман астам. Дегенмен, «Аралбалықкомбинатына» қарасты «Ауан» балық зауытының басшылары Ырғыз-Торғай көлдер жүйесіндегі «Байтақ» көлінің жағасына шағын балық қабылдау пунктін са-лып, балық қабылдады.500-600 текшеметр ша-масында ғана мұз дайындайды. Жаз айларында мұз таусылған кезде балықтарын ұшақпен Орск мен Орынбор қаласына тасымалдайды. Өйтпесе, шірітіп алады ғой. Және о жақтағы 60-70-ке тарта көлдерде балықтың небары төрт-ақ түрі болды. Шортан, алабұға, табан және язь. Бұлар дәмді де, сатуға шығарғанда өтімді де емес. Әрі дәмді, әрі өтімді сазан балығын апарып өсіру

керек деген идея туды.Мұны Аралдағы ғылыми-зерттеулабораториясының ұжымы да қолдады. Себебі, ол көлдерде сазан балығының өсіп-жетілуіне қажетті қоректі заттар жеткілікті деді.

-Осыған байланысты комбинаттың бас инженері А. Чаленкода үлкен жиын болды. Бар жай-жапсарды мен баяндадым. Маслихатты қорытқан бас инженер:

-Аргынғазиев жолдас,-деді маған бұрылып, -сазан балығының ұрық шашатын уақыты жақындап қалды. «ЗИЛ» машинасын және 200 литр су сиятын 5 ағаш бөшке мен екі шелек беремін. Сазан балығының аталық-аналығын жы-лымшылардан аласын. Соларды Ырғыз-Торғай көлдер жүйесіне жіберуді саған тапсырамын. Іске кірісе бер. Осымен сөз тәмам, деді.

-Ау-у, Анатолий Иванович, сазан балығын алармын, ал оны 220-шақырымдағы көлдерге машинамен қалай жеткіземін. Барғанша бөчкінің ішінде-ақ қырылып қалады ғой,-дедім жанұшыра. -Ә-ә, солай ма?-деді жылы шырай танытып, -жауапкершілікті сезген екенсің. Қорықпа, бір емес, екі «АН-2» ұшағы аэропортта күтіп тұрады.

-Ал-л, солан?!—дедім әңгімеге қызыға түсіп. -1967 жылдың 17 мамыры. О кезде теңіз суы жағалаудан 5-10 шақырымдай

Ж.АРЫНҒАЗИЕВ — 85

АРАЛЫН ҰЛЫҚТАУДАН ЖАЛЫҚПАҒАН

ғана кеткен-ді.«ЗИЛ»-дағы бес бөчкіге Шай-мерден шофер екеуіміз екі шелекпен су құйдық. 28-демін. Бәйгеге қосылатын сәйгүліктей ойнап тұрмын ғой. Тіпті жұмысшы сұрау да оймама келмейтті. Жамбыл колхозының бригадирі Өренділ Ыбырашовтың жылымы майлады да қалды. Жы-лымнан жас күйінде 267 бас сазанның аналық-аталығын бөчкіге салып аэропортқа тарттық. Айтқандай-ақ, екі ұшақтың екеуіне де брезент шаң қойылатыпты. Соған бөчкідегі су аралас балықты шелекпен аударып, Ырғыздың «Байтақ» көлінің жағасына қондық. Ондада брезент шаң(су өтпейтін жабдық) орналасқан қоратты машина тұр. Балықтарды жайлап суға салдық. Бір аналықты екі аталық қапталдай қамқорға алып жүзе жөнелді. 267 бассазанның үшеуі ғана әлсіреп теренге сүңгі алмады

-Өсіп-өнуі қалай болды?! -Керемет десем артық емес. Төрт-бес жылдың ішінде Ырғыз, одан жоғары

Торғай, Қостанай облыстарының көлдерінде мол қоры пайда болды. Арал балық комбинаты жылма-жыл 120-150-дей балықшы жіберіп тұрды. Олар 2-2,5 мың тоннадай балық аулады. Соның жетпіс пайызы сазан балығы еді. Жаңадан балық қабылдау пункті салынды. 1,5 мың текше метрдей мұз дайындалды. Жатақхана,үйлер тұрғызылды. Ырғыз ауданынан электр желісі тартылды. Балық қоры көбейгесін 1974 жылы Ақтөбе қаласынан балық зауыты ашылды. «Қарғалы» өзенінің бойынан тірі балық өсіретін тоғанды шаруашылығы іске қосылды. Осы тоғанға тыран, сазан балығын салу үшін, «Қамыстыбас» көлінен қыс айында, мұз астынан жылым тартудың да басы-қасында мен жүрдім.

-Осының бәрі, кешегі Одақ тараған өтпелі кезенде, ту-талапайға түскенінен хабарлармыз. Ал, бүгіндері қалай? Бұрынғы шаруаны қалпына келтіруге болар ма?!

-Жөн. Жөн сөз. Ырғыз—Торғай жүйесіндегі балық шаруашылығына маңызы бар көлдер көбіне-көп қар, жаңбыр суымен толығады. Ал қар мен жаңбыр аз болса, су денгейі күзге таяу біршама төмендейді. Ондай-да мұз астындағы балықтар қалимаға ұшырауы ықтимал. Су денгейін ұстау үшін Торғай өзенінің «Құрдымға» құяр белдеуіне бөгет те тұрғызығанбыз. Бөгетке пірелген су кейін теуіп, сол аймақтағы малшылардың қора-жайын ба-сып қалғасын, олар бөгетті бұзып жіберетін-ді. Ұзын құлақтан естуімше, биыл жаңбыр суымен көл толыққан, балық та бар деседі. Аманбай Ерхатов есімді кәсіпкеріміз сон-ау Новосібір қаласына балық зауытын салып, еңбектеніп жүр. Оған қарағанда Ырғыздың үйдің қасы емес пе? Талапкерлер шықса, бұрынғы ата-баба кәсібін жалғастыруға әбден болар.

АШХАБАДҚА НЕ ІЗДЕП БАРДЫҢЫЗ?

- Өзіміздің «Қамыстыбас» көліндегі «Қосжар» тоғанды шаруашылығына қарп балығының личинкасын (уылдырықтан өскен бір жетпілгі) әкелгенде Сіз көрінесіз?!

- Иә, Солайы солай. Онан да Түрікменстанның Мари өлкесінен үш миллион данакарптың личинкасын алуға барғандағы машақаттың айтсаңыз? Ашхабадтан үш жүз шақырым шалғайдағы тау етегіне орналасқан тоған екен. Күннің ыстықтығы 40 градус. Шыныға су құйып алып жүресін. Онсыз шөл қысады. Уылдырыққа сұраныс көп. Одақтың жер-жерінен келген. Кезекке тұрасың. Личинканың суы да, ау-асы да ішінде полиэтилен қапқа салып, арнайы ұшақпен Қызылордаға әлденеше сағатта әрең оралған кезім де болды. Еңбек еш кетпеді. Сол уылдырықтан өскен балықтан қайсыбір жылы мың тоннаданастам балық қабылдап, мактау-мадаққа не болғанымызды қалай ұмытарсың!

КҮРІШТІКТЕ МАЙДА ШАБАҚ ӨСІРУДІ ҚОЛДАЙМЫН

-Жылы, күнін ұмыттым. «Живая рыба» деген жазу бар автокөлікпен Қазалы ауданының күріштігіне қатынап жүргенімді көргенім бар-ды?

-Е-е, оның рас. Күріш-ұдайы суда тұратын дақыл. Міне, сондағы атыздарға майда балықты өсіру туралы жоғарыдан нұсқау болған-ды. Сонымен, «Жи-вая рыба» машинасының цистернасындағы суға қарптың 25 мың дана бір жылдық өскінін 12 гектарлық күріштікке салдық. Күріш звеносынан алдын-ала келіскенбіз. Жем берілмейді.Өскіндер дақылдың түбін қопсытып-ақ қоректенеді. Күрішке берілетін тыңайтқыш та балыққа азық. Еркін жайылып бес-алты айдың аумағында жақсы жетіледі.Дақыл пісіп, суытан тарттырар тұста қайта сүзіп аламыз. Бірақ не пайда, бір оजारлау уәкіл келіп «балығына өздері не болсын» деп

арам шөптен арылтатын гербицидті шаштырып жібереді. Обалдағы-ай! Бәрі қырылып қалды. Мен өзім әлі күнге маман ретінде күріштік ішінде майда шабақ өсіру әдісін дұрыс деп білем.

СОНДА СІЗ СӨЙЛЕДІҢІЗ—АУ!

-Әңгімені XX ғасырдың орта тұсынан бастап едік. Енді бері қарай жылжиық.

Есінде болар, 1995 жылдың 27 желтоқсанында Аралда актив жиналыс өтті. Қиын кезең. Жиынға облысқа жаңа әкім болып тағайындалған Бердібек Сапарбаев қатысты. Сонда Сізсуырылып бір сөйледіңіз-ау!..

-Иә, әлі ойымда. Екі ұсыныс айттым. «Сексеуіл-Түркістан» бағытына қатынап тұрған екі вагонды жолаушылар пойызы 3-4 айдан бері тоқтап қалған-ды. Әйелдер алақап арқалапсол жақтан азық-түлік таситын-ды. Әкімге рақмет. Көп ұзамай әлгі пойыз қайта за-уалады.Екіншісі күрделілеу. Ол-ашы суда да өсе беретін камбала-глосс балығын өндірістік негіздеаулаудың жайы еді.

-Балықтың ондай түрі қайдан әкелінген?

-Арал теңізінің суы тартылып, тұздылығы артқасын, жергілікті балықтар өсіп өнуден қалды ғой. Сосын да ғалымдардың араласуымен Азов пен Қара теңізден 1979 жылы камбала-глосстың төрт жүз басы ұшақпен осын-да жеткізілді. Жақсы жерсінді. Енді жыл сай-ын екі мың басы әкелініп тұрды. 1991 жылдың 22 ақпанында теңіздің «Тұщы бас» қолтығынан Н.Демеуовтің звеносы жылым тартса, бір қайырымда-ақ 18 центнер камбала шығады. Міне, сөйтіп камбала теңіздің әр тұсынан көрінеді. Ғылыми лабораторияның мәлімет бойынша,1991 жылы-51 тонна, 1992 жылы-115 тонна, 1993 жылы 64 тонна Камбала ауланды. Ал, 1994-1995 жылдары ешпандай балық ауланбады.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАБЫЛДАУЫ

Себебі, ау-құрал, қайық, жатар орын, балықты қабылдау мәселесі шешілмеді.

Бұрынғы «Аралбалықкомбинаты» акционерлік қоғам дей ме,«серіктестік» дей ме, әйтеуір, мың құрау болып бөлшектеніп кеткен. Олар сырттан балық әкелумен әуестенді. Өзге айдындардан 1994 жылы-1180 тонна, 1995 жылы 829 тонна балық тасымалданған. Ал, іргедегі камбаланы өндірістік негізде алулаға талаптанбады. Осы жыыннан кейін Аралдағы балық өсіру ғылыми лабораторияның менгерушісі З.Ермаханов екеуіміз облыс әкімінде, оның орынбасары Фаткулдинов пен кеңесшісі А.Көшербайдың қабылдауында бо-лып, мән-жайды түсіндірдік. Қорытындысында, 1996 жылдың 7 маусымында облыстағы балық шаруашылығының жайы туралы кеңес өтті. А.Көшербай баяндама жасады. Демек, сен қозғалды. Балықтың осы түрін аулаумен айналы-сатын Дания елімен іскерлік байланыс орнады. 30-дай адам Данияға барып іс-тәжірибе алма-сып қайттық. 1996 жылдың қыркүйек айының соңына таяу «Тірі теңіз» дербес ұйымының өкілі Курт Кристенсен бастаған даниялықтар келіп, жүз мындай АҚШ долларына бағаланатын ау, қайық және басқа да құрал-жабдықтарды біздің балықшыларға сыйға тартты. Өздері жиырма күндей теңіздің «Тастүбек» уакесінен камбала аулап, оны өңдеу тәсілін көзбе-көз үйретті. Сөйтіп «Қатгетаттан-Аралға»деген халықаралық жоба жүзеге асты.

АЙТА-АЙТА АРАЛДЫ, АРЫНҒАЗИЕВ ТА ҚАРТАЙДЫ

- Мұның бәрі дұрыс. Өткен-кеткен тарих. Кейінгі ұрпақ үшін қажет. «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаланда балық шаруашылығына бөлек құрылым керек депсін. Замандастарыңның «Айта-айта Аралды, Арынғазиев та қартайды» деген қалжығын да құлағымыз шалып жүр...

Десе, дей берсін. Ал, мен Аралымды-айтудан жалықпаймын. Енді қалай?

Қазақстандағы су айдыны жалғыз Арал ма? Каспий, Балхаш, Алакөл бассейндері, Бұқтырма, Шардара, Көксарай, Қапшағай су қоймалары. Орал, Сырдария,Ертіс өзендері.Олардың бойындағы жүздеген көлдер ше? Бекіре, қаяз балықтарын су қоймаларында өсіреді емес пе? Кеңес Одағы кезінде балық аулаудан Қазақстан үшінші орында тұрды САРАТС жобасының бірінші кезеңі сәтті аяқталып «Кіші Аралда» балық көлемі ұлғайды. Арал балығы Еуро-па елдеріне жөнелтілуде. Және Арал балығы 2017жылғы «ЭКСПО» көрмесіне барады деп күтілуде. Осының бәрі тәуелсіздіктің 25 жылдығы алдындағы айтарлықтай табыс қой. Осындай жағдайда балық шаруашылығының орман және жануарлар дүниесі комитетінің «қолтығында» қала беруі қалай? «Ас-адамның арқауы» десек, сол астың дәмді, сіңімді әрі күнделікті пайдалана-тын бір түрі балық өнімі. Олай болса, бұл мәселе Үкімет назарында болуы керек деген пікірімнен шегінбеймін. Айта берем, Аралды!

Балық шаруашылығы саласында табан аудармастан қырық алты жыл еңбектеңіз, Дара-жа жұбайы екеуі алтын асықтай жеті ұл-қыз өсіріп, немере-шөбере сүйген үлгілі семья аты-нып, бірнеше мәрте мактау құрметіне ие болған, өз ісінің майталманы Жылқыбай Арынғазиев ардагердің, әркез қалың ортаға түсе қалып, көптің ойын білдіретін «шабандозығыма» бұрын да тәңті едік. Ал еліміздің бас басылымында жариялаған мына ұсынысын да теріс дей алмай, сөзбе-сөз қағазға түсірдім.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ, дербес зейнеткер, Арал қаласы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылордаэлектроцентр» ШЖҚ МКК түзету мақсатында ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

1. ҚР ЭК 73-бабына сәйкес "Қызылордатеп-лоэлектроцентр" ШЖҚ МКК Оңтүстік қазандығынан атмо-сфераға түсетін ластаушы заттардың шекті жол берілетін шығарындылары (ШЖК) нормативтерінің жобасы және қоғамдық өткізу қағидалары 26.10.2021 № 425 тыңдау.

Қоғамдық тыңдаудың басталуы мен өтетін орны 24.07.2024 сағат 11:15-те, Қызылорда обл., Қызылорда қ., Марал Ишан көшесі,1

2.ҚРЭК73-бабынасәйкес"Қызылордатеплоэлектроцентр" ШЖҚ МКК ЖЭО және КОТЭЭС көздерінен атмосфераға түсетін ластаушы заттардың шекті жол берілетін шығарындылары (ШЖШ) нормативтерінің жобасы және қоғамдық өткізу қағидалары 26.10.2021 № 425 тыңдау.

Қоғамдық тыңдаудың басталуы мен өтетін орны 24.07.2024 сағат 11:15-те, Қызылорда обл., Қызылорда қ., Марал Ишан көшесі,1

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/79198836924?pwd=1Aw0PyTUOFpFIs9lTT7P1H4AXVnbqj.1>

Конференция идентификаторы: 791 9883 6924

Кіру коды: k781xv

Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда қ.

Тапсырыс беруші (бастамашы): ШЖҚ "Қызылорда-жылуэлектрортралығы" МКК, БИН: 050740006845, Қызылорда қ., Марал Ишан к-сі, 1, эл.пошта pto.ktez@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: "АртНефтьСтройПроект " ЖШС, Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3. Тел: 8 777 499 17 34 эл.пошта ansp@bk.ru.

"Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты - Жолдасбекова Аружан, тел: 8 (7242) 60-53-69.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органы мекенжайы: prd@korda.gov.kz.

Жобалық материалдармен мына мекенжай бойынша электрондық түрде танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzlorda-tabiga?lang=ru> (<https://ecportal.kz/>).

Жоба бойынша, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жобаға қатысты құжаттардың көшірмелерін +77078520445 тел.және эл. по-шта – pto.ktez@mail.ru. арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП на ПВХ «Қызылордатеплоэлектроцентр» сообщает о проведении общественных слушаний посредством откры-тых собраний по корректровке:

1. Проект нормативов предельно допустимых выбросов (пдв) загрязняющих веществ, поступающих в атмосферу от Уэской Котельной ГКП на ПВХ «Қызылордатеплектро-центр», согласно ЭК РК ст.73 и правил проведения обще-ственных слушаний от 26.10.2021 № 425.

Начало и место проведения общественных слушаний 24.07.2024 в 11:00, Қызылординская область, г. Кызылорда, адрес ул. Марал Ишан,1.

2. Проект нормативов предельно допустимых выбросов (пдв) загрязняющих веществ, поступающих в атмосферу от источников ТЭЦ и КОТЭС ГКП на ПВХ «Қызылорда-теплоэлектроцентр», согласно ЭК РК ст.73 и правил проведени-я общественных .слушаний от 26.10.2021 № 425.

Начало и место проведения общественных слушаний 24.07.2024 в 11:15, Қызылординская область, г. Кызылорда, адрес ул. Марал Ишан,1.

Подключение к конференции Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/79198836924?pwd=1Aw0PyTUOFpFIs9lTT7P1H4AXVnbqj.1>

Идентификатор конференции: 791 9883 6924

Код доступа: k781xv

Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие: г.Кызылорда

Заказчик (Инициатор): ГКП на ПВХ «Қызылордатеп-лоэлектроцентр», БИН:050740006845, г. Кызылорда, ул. Марал Ишан, 1, эл.почта pto.ktez@mail.ru

Разработчик проекта: ТОО «АртНефтьСтройПроект» по адресу г. Кызылорда, ул.Тәуке хана, 3. Тел: 8 777 499 17 34 эл.почта ansp@bk.ru

Ответственный за организацию общественных слушаний от ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» - Жолдас-бекова Аружан, тел: 8 (7242) 60-53-69.

Адрес местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения: prd@korda.gov.kz.

Ознакомится с проектными материалами в электронном виде можно по адресу: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabiga?lang=ru> (<https://ecportal.kz/>)

Дополнительную информацию по проекту, о проведе-нии общественных слушаний, а также запросить копии до-кументов, относящихся к проекту можно получить по тел. +77078520445 и по эл. почте – pto.ktez@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

31.07.2024 ж. сағат 15:00-де Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, Жанақорған а.о., Жанақорған а., Хо-расан Ата даңғылы, 1776 (әкім.ғим.) мекенжайында, Қызылорда облысы Жанақорған ауданында К-42-3 (10с-56-15), К-42-4 (10с-5а-11, 16, 17, 22, 23), К-42-4 (10с-5а-3, 4, 9, 10) лицензиялық аумақтың шекарасында 2023 жылғы 6 желтоқс



Мен 1986 - жылы тұз - дәм тартып, Қармақшы аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметіне сайландым. Атқарушы органның негізгі айналысатын, шешетін мәселесінің бірегейі халыққа тұрғын - үй, коммуналдық қызмет көрсету, құрылыс өндіріс саласын өркендету болып табылады.

Сол кезде аудандық тұрғын - үй коммуналдық саласын басқаратын Жакеев Жақсыбай дейтін азамат екен.

Менің ол кісімен қызмет жағдайына байланысты жиі кездесіп, қарым - қатынас жасауға тура келді.

Мамандығы инженер - құрылысшы, қызметін аудандағы №1602 жылжымалы механикаландырылған колоннада мастер, аға мастер болып жұмысын бастаған Жәкең осы саланың қыр - сырын жетік меңгеріп, ел халықтың көңілінен шығатын іскер басыны болып қалыптасқанына ортақ жұмыс жайлы әңгіме қозғап, тіл табысқан сәттерде көзім жетті.

Сол кезде аудандық кеңесі атқару комитетінің құрылыс, өндіріс - транспорт, байланыс саласына жетекшілік ететін төраға орынбасарының орны бос болатын. Осы қызметке лайықты кандидат Жақсыбай Жакеев екенін дұрыс деп есептедім. Өзіне сыр тартып көріп едім, қарсылық білдірмеді. Сол кездегі тәртіп бойынша номенклатуралық басшылық қызметке кадр таңдау аупарткомның бюросының, бірінші хатшының қузырында болатын.

Осы мәселені сол кездегі аупарткомның бірінші хатшысына ұсынып едім, үзілді - кесілді қарсылық білдірді.

Дегенмен, саланың болашағы үшін аупарткомның қарсылығына қарамастан Жақсыбайдың кандидатурасын Халық депутаттары аудандық кеңесінің сессиясына ұсындым. Ұсынысты аудандық кеңес депутаттары бір ауыздан қолдап Жакеевті төраға орынбасарлығына сайлап жіберді.

Бұл демократиялық бастаманы аупартком «сайлау дұрыс өткен жоқ» деп, тағы да сайлау өткізуге талап қойды.

Осыдан кейін өткен екі сайлауда Жақсыбай Жакеев аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары болып нық сайланды. Жұмыс барысында әлеуметтік салаға жетекшілік ететін орынбасарым Нұртілеу Салықов, құрылыс, өндіріс, коммуналдық салаға жетекшілік ететін орынбасарым Жақсыбай Жакеевтердің менен жасы үлкен болатын. Қарапайым өмірде мен бұл кісілерді аға тұттым. Әрқайсысы өзі жетекшілік ететін салаларын жоғарыдан тізе батыртыпай,

айтқызбай атқарып, мүлтіксіз орындап отырды. Бұл кісілермен жұмыс істеу маған жеңіл болды.

Әкім Лұқман бір күні баласын «сен айтқанды істейсің» деп ұрып жатқан ұқсайды, оны көріп тұрған көршісі «Уа, әкім бұныңыз не айтқанды істеген баланы сонша ұрғаныңыз?», - деп сұрапты.

Сонда Әкім Лұқман «Менің балам айтқызбай істеу керек» депті.

Қай заман болса да басшының орынбасарлары өзі жетекшілік ететін саласының атқаруға тиісті жұмыстарын жетік меңгеріп басшыға айтқызбай мүлтіксіз орындаулары қажет. Менің бақытыма күйкі тіршілігі көп қиын саланы басқарған Жакеев Жақсыбай «айтқызбай істейтін орынбасар» болды.

ҚАРМАҚШЫНЫҢ ҚЫРАН ҰЛЫ

Білікті құрылысшы ретінде оның аудан халқын тұрғын үймен қамтамасыз етуге және халыққа коммуналдық қызмет жасаудағы еңбегі ерекше болды.

Жосалы кенті тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету өте күрделі мәселе болды. Халықты дарияның суымен қамтамасыз етуге мәжбүр болдық. Судың сапасы төмендігінен халық арасында, әсіресе балалар арасында жұппалы ауру етек алды.

Көп ізденістің нәтижесінде осы мәселеге үкіметтің назарын аударуға қол жеткізілді.

Жосалы кенті халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен қажетті қаражат бөлінді. Кент іргесінен су көзі анықталып, скважиналар қазылды. Жосалы кентіне су жеткізетін құбыр жүргізілді. Нәтижесінде кент халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету толығымен шешімін тапты. Осы маңызды да күрделі жұмыстың басында Жакеев Жақсыбай болды.

Ауданның барлық елді мекендерінде рулық бөлікпен жасакталған бірнеше қорымдар болатын. Ол қорымдар күтімге алынбайтын, тіпті ауылдың, кенттің іргесіндегі қорымдарға жұрт күл - коқыс төгетінді әдетке айналдырды. Осы мәселені ретке келтіру үшін ауыл, кент аймағында бір ғана орталық қорым белгілеп, соны күтімге алу қолға алынды.

Осы мәселенің басында Жақсыбай жүрді, тәртіпке келтірді.

Жосалы кенті бойынша орталық қорым болып, кентке жақын «Бодан» қорымы белгіленді. Қорым түгел қоршалды, абаттандырылды, жерлеу орындары көше тәртіздіс түзеуленіп, тегістеліп ағаш егілетін дәрежеге келтірілді. Осы «Бодан» қорымында облыстық семинар өткізіліп, облыс көлеміне үлгі етіп ұсынылды. Осы істің басында тынымсыз Ж. Жакеев болды. Озат тәжірибесі бүкіл облыс көлеміне үлгі болып, қабырлар күтімді орынға айналды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ата - баба тәмсілі іске асты.

Аудан көлемінде Орталық аудандық

аурухана, мектептер, бала бақшалар, пионер лагерлерінің құрылыстары қарқынды жүргізілді.

Осы жұмыстардың сапалы жүргізілуіне, уақытылы пайдалануға берілуіне Жақсыбайдың еңбегі зор болды.

Осы қым - қиғаш орасан зор шаруалармен жүріп, отбасына, бала тәрбиесіне уақыт тауып үлгілі жанұя басшысы бола білді.

Сүйген жары Рауа екеуінің отбасылық одағы өнегелі ұрпақ әкеліп, үлгілі тәрбие көрсетті. Ал ерінің көпшілігін қолдап, қолын қақпайтын жаны жомарт жеңісем Рауаға ризашылығым өзгеше. Осындай асыл жары бар ер кісі ғана ел ықыласына бөленбек.

Рауа абзал ана, денсаулық сақтау саласының ардагері, ел - жұртқа

сыйлы, мінезі салмақты, сабырлы, адамгершілігі өте жоғары от анасы, Жәкеннің сенімді серігі, қолдаушысы болып келеді. Шолпаны университет оқытушысы, Жұлдызы №2 қалалық сот судьясы, білікті заңгер, әділ судья, Аида мемлекеттік қызметкер.

Жәкең әлі тың, қоғамдық жұмыстарға, ұрпақ тәрбиесіне белсене араласып келеді. «Облыстың Құрметті ардагері», «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы».

Жәкең өзінің құлағатты өмір жолы» жайлы кітап шығаруға бел буыпты. Бұл кітаптың бас кейіпкері Жақсыбай Жакеевтің «құлағатты өмір жолы», кітаптың келесек ұрпаққа үлгі болатын өнегелі шығарма болатынына сенімдімін.

Талап оң болсын!

Аббас Камалатдин (Кәмішев), «Парасат», «Құрмет», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері, Облыстың Құрметті ардагері, Сырдария ауданының құрметті азаматы

НЕ ҮШІН КҮРЕСУ КЕРЕК?

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеті не? Неге онымен қарапайым адам да күресу керек деген сұрақтар қойылып жатады. Оған заң жүзінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады» деп жауап беру оңай. Алайда, әрбір адам не үшін күресу керек, қолымыздан келмейді ғой дейтіндерге бір ғана нәрсе айтқым келеді. Ол - қоғамды жөндеймін десең өзіңнен баста деген қағидат.

Біз кейде сыбайластықпен күрес жұмысыш топ үшін керек емес деп ойлаймыз. Бұл қате пікір. Себебі, берген қол болмаса алаған қол ұялады дейді ғой. Біз пара алуды қалыптастырмауымыз керек. Иә, әрине, мұндай кезде пара бермесен қара берсең деген мақалды алға қоятындыр бар. Оларға айтарым, мәселеніңді пара беріп шешкенше заңды алға тартып шешіңіз. Мәселе ұшығып жатса қоғамдық қабылдауларға жүгініңіз. Өйткені ашық өкімет, халықпен санасатын билік қалайда сізге құлақ асады. Тымдамай қояды деген мына заманда құр сөз.

Ал, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу үшін нені білуіміз керек десеңіз:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік

ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Жемқорлықпен күрес шенділер арасында ұдайы, үздіксіз жүріп жатыр. Онымен айналысып жатқан құзырлы орындар бар. Ол топты соларға қалдырып, қарапайым адам ретінде өзінің тәрбиесіңіз, өзіңізбен күресіңіз. Бұл болашағыңыз үшін маңызды.

А. БАБАТАЕВ

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті №1 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің жетекші маманы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ БЕДЕЛІ ЖӘНЕ РӨЛІ

Мемлекеттік қызмет — бұл мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы лауазымдық өкілеттіктерін мемлекеттік қызметтің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған қызметі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғамдық процестерді реттеуге, мемлекеттің біртұтастығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін іске асыруға бейімделген. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызмет беделін арттыру қажеттігіне қатысты мәселелерге мемлекет басшы назар аударуда. Еліміз үшін алдағы орында тұрған жоғары көсіптік мемлекеттік қызмет пен тиімді басқару құрылымын қалыптастыру ісінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейі негізгі рөлді атқарады. Мемлекеттік қызметкердің бойынша табылуға тиіс негізгі белгілер - жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіптік білім, оны тәжірибеде қолдана білу, әділдік, адалдық, белсенді өмірлік позиция. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының маңыздылығын сезінуі және патриот болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі осы қызметті атқарып жүрген жандарға байланысты. Түптеп келгенде, мемлекеттік қызметкер билік пен халықтың арасындағы алтын көпір, дөңкерге иянауды тиіс. Жұртшылықты жанайқайын тыңдап, түйінді түйткілерді шешуге бар ынта-жырды бағыттау керек.

Қай мемлекеттік қызмет саласы болса да, мемлекеттің сол саладағы саясатын жүргізетін ор-

ған болып табылатындықтан, сол саланың кәсіби білікті кадрлары — саланың заман талабына сай тез дамуын, уақытпен бірге жүріп отыруын қамтамасыз етеді, саланың даму деңгейінің көрсеткішін жасайды. Екінші жағынан, мемлекеттік қызмет саласы — халыққа қызмет көрсетуші, халықпен тікелей байланыстағы қызмет екенін ескерсек, тек кәсіби маман болып қана қоятын жеткіліксіздігі, оған қосымша халықпен араласу, қатынас жасай білу мәдениетінің қалыптасуының маңыздылығын арттырады.

Білімділік, біліктілік, жоғары моральдық-этикалық бейне, адамгершілік — әрбір мемлекеттік қызметшінің бойында үйлескен жағдайда — мемлекеттік қызметшінің «жоғары имиджі» жасалады, осындай имидж мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге тікелей жол болып табылады.

Әрбір мемлекеттік қызметші өзінің жұмыс орнында жеке басының жауапкершілігімен, тәртібі мен қызметімен әрбір қоғам мүшесінің мемлекетке деген көзқарасы, сенімі қалыптасатынын жақсы түсіну тиіс. «Өзін де жан - өзгені де жандыр» — деген қағида, әрбір мемлекеттік қызметшінің қағидасы болса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Б.ТУЛЕГЕНОВА,

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы, Өлең жөніндегі уәкіл

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР — ЕЛ АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызметші — мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төлететін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттік міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы. Мемлекеттік қызметші болу — бұл үлкен абырой мен міндет. Ол билік пен халық арасында байланыстырушы буын болып табылады. Сондықтан да әр саланың сапалы жұмыс істеуі, жетістікке жетуі мамандардың біліміне, біліктілігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер- билік пен қарапайым халық арасындағы дөңкер. Мемлекеттің атынан жұмысын атқарып, мемлекет мүддесін

қорғайтын қызметкердің өзін-өзі ұстауына, адамдармен қарым-қатынасына, шеберлігіне, сауаттылығына қарап, қарапайым халықтың да мемлекеттік қызметке сенімдері нығая түседі. Бір мемлекеттік қызметшінің оған ісі бүкіл бір құрылымның беделіне нұқсан келтіріп, сеніміне кірбін түсіруі мүмкін. Осыған орай, бүгінде мемлекеттік құрылымдарға жұмыс істеуге үмітті жандарға талап қатал.

Сұйыларға ғана емес, қазір сот мамандарына да қойылатын талаптар жоғарылатылған. Өйткені азаматтар сот билігінің әділдігін, төрелігін тура шығарылғанын таразыламай тұрып, кенес қызметкерлері мен сот мамандарының жұмысына нақа баға береді. Азаматтарды ізетпен қабылдап, білген сұрақтарына түсіністік танытуға, құқықтық кеңес беруіне қарап олардың сот жұмысына деген сенімі нығаяды. Мұны

сот табалдырығынан аттаған кез — келген адамның ләзбінін, пікірін аңғаруға болады.

Сұйылар мен мамандардың білімін жетілдіріп, біліктілігін арттыруға, тәжірибесін шыңдауға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыздылығын сезіне білуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қоятыны, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлыққа жанасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Адам құндылығына қызмет ету қашанда мерейлі екенін ойласақ, өз тағдырын сеніп тапсырып, кәсіби шеберлік пен біліктілігімізге сенім арқан жандардың көңілінен шығу қашанда қиын.

Ф.НАЯТ,

Қызылорда облысының құқық қорғау істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылқұм» селолық тұтыну кооперативі (РНН 330400212318, БИН 080540009392) жабылатындығы хабарланады.

Мекен-жайы. 120508, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылы Қайруллаев көшесі, 4 үй
Телефон. 8-705-961-58-62.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР «Табиғи монополиялар» Заңының 25-бабы 6-тармағына сәйкес «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ны 2024 жылдың 30-шы шілдесінде сағат 1100-де Марал Ишан көшесі 1-де орналасқан мекеменің мәжіліс залында 2024 жылдың 1-ші жарты жылдығының қорытындысы бойынша жылу энергиясын өндіру, бөлу және беру, жабдықтау қызметтерінің бекітілген тарифтік сметасының және инвестициялық бағдарламасының орындалуы жөнінде тыңдау есебін тұтынушылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өткізілетінін хабарлайды.

«ҚЖЗО» МКК-ны әкімшілігі

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

Қызылорда қаласының нотариусы **Маралбекова А.М.**
04.06.2024 ж. қайтыс болған БОЖАНОВА АЛМАҒҰЛЬ
мұралық ісі ашылғанын туралы хабарлайды. Мұрагерлерге және іске қатысты адамдарды-Қызылорда қаласы, Тоқмағамбетов көшесі 23/4 мекен жайға хабарласуды сұрайды.
тел 87712062223

Кейінгі кездері мешіттегі жамағаттар арасында алауыздық бар деген жалған түсінік пайда болды. Әрине, бір құмалақ бір қарын майды шірітіп жіберетіндей жайттардың да орын алып жатқаны жоқ емес. Бірақ, бұл тұтастай мешіт жамағаттары арыз деген сөз емес. Оның дәлелін жақында ғана Қызылорда облысының діні істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жастар орталығында жергілікті мешіт жамағаттары арасындағы «Дін және тарих» тақырыбында өткен интеллектуалды сайыста көрсетті.
Сайысқа қала мешіттерінен 15 команда қатысып, 150 жас бақ сынады. Интеллектуалды сайыстың мақсаты — жамағаттықтардың ауызбіршілігін, ынтымағын арттыру, танымдық қызығушылықтарын ояту арқылы білім деңгейін көтеру болды.

Сайыс барысы 5 кезең бойынша өрбіді. Яғни, логикалық сұрақтар, ислам және ғылым тарихы, ұлттық мәдениеттің негізі - салт дәстүр, Алаштықтар аңсаған күн, Қазақстандағы жер атаулары жұлмақ болып жасырылды.

Тартысты өткен сайыс нәтижесінде, әділ қазылар алқасының анықтауымен 15 топ арасынан «Алдажар Жәме» мешітінің командасы бас жүлдені иеленді. Ал, жүлделі І орынды «Мақтұм сөйт» мешітінің жамағаты алса, ІІ орынды Қарауылтөбе

ауылдық округі мешітінің команда-сы еншіледі.

«Қалмұхаммед Ишан» және «Ыбырайым молда» мешіттерінің жамағатына ІІІ орын бұйырса, ІV орынға «Әл Уали» және «Ерназар

Мамыұлы сайыс қатысушыларына арнау арнап, көтеріңкі көңіл күйге бөледі.

Жалпы, мұндай сипаттағы іс-шара мешіт жамағаттары арасындағы бірлікті нығайту

Президентіміз Қ.Тоқаев ұлттық құрылтайда «Біз "бірлігіміз — әралуандықта" деген қағиданы берік ұстанып, еліміздегі бейбітшілік пен келісімді сақтайтын боламыз. Түрлі діндер мен конфесси-

ЖАМАҒАТ ТАТУ БОЛСА ЖАМАНДЫҚ БОЛМАЙДЫ



Мақсұм» мешіттерінің командалары тұрақтады.

Сайыс соңында жеңімпаз командалар бағалы сыйлықтармен марапатталып, барлық қатысушыларға арнайы Алғыс хаттар табысталды. Жастар орталығының үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жасау бөлімінің маманы Ерасыл

және білімнің маңыздылығын түсіндіру мақсатында ұдайы ұйымдастырылып тұрады. Ең бастысы қазылар шешіміне күдіктеніп, ренжіген жамағат болған жоқ. Керісінше бірін бірі құттықтап, достық пен татулықтың туын биік көтерді. Татулық пен бірліктің биік шыңы осындай-ақ болсын.

яларды жақындастыруды және қазіргі заманғы өзекті мәселелерге қатысты диалог орнатуды көздейтін мәртебелі миссиямызды атқара береміз» деген болатын. Сол секілді біздің күшіміз бірлікте болып жасай бермек.

Сәкен АЛДАШБАЕВ

Таралу аймағы - Қазақстан Республикасы. Айына 4 рет жарық көреді.

БАС РЕДАКТОР
Сәкен АЛДАШБАЕВ

Бас редактордың орынбасары
Ирина МҰХАНБЕТИЯҚЫЗЫ

Газеттің электронды поштасы:
Syr_didary@mail.ru

Бас редактордың электронды поштасы:
Aldashbai_saken_1980@mail.ru
Тел: 8 747 741 18 29

Газет таралымы: 6089 дана
Тапсырыс №145

Білім бөлімі - Жазира ЖЕҢІСҚЫЗЫ
Тел: 8 778 380 53 74
e - mail: zhazir_0091@mail.ru

Бағдагүл Оразалиева - тілші
Қуаныш Тореев - тілші

Телефондарымыз:
8 (7242) 30 - 10 - 42 - редакция
8 777 328 93 91 - ақпарат, жарнама

Редакцияның мекен - жайы:
Қызылорда қаласы,
Байсейітова көшесі №100

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ - ардагер журналист,
Арал ауданының құрметті азаматы

Бейбітбек БҮРКІТБАЙҰЛЫ - ҚР Құрметті журналисті, алқа төрағасы

Әбсалам ОМАРОВ - ақын

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ - дінтанушы

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарияланған мақалаға автор жауапты. Қолжазба өңделеді және кері қайтарылмайды. Кейбір фотосуреттер ғаламтордан алынғандықтан мақалаға тікелей қатысы жоқ.

Газет «Сыр дидары» редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттеледі, «ПРИНТ» баспаханасында басылады. Газет сапасына баспахана жауапты. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі №49, тел: 27 - 61 - 62

<